

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Кіші топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	2 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	12.12 - 16.12.2022 ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	Әңгімелесу: "Баланың түсінігінде "Қазақстанның біздің Отанымыз" ұғымын қалыптастыру", "Отан, туған өлке				

әңгімелесу, кеңес беру	ұғымына не жатады?", "Баланың денсаулығын нығайту жөнінде".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің сарғайып қалған жапырақтарын үзіп, алып тастау әрекетіннің үлгісін көрсету; суару қажеттілігін қалай білуді сұрау; құрғақ топырақты ылғалды ету, суару үлгісін көрсету. (еңбек дағдылары)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымының астына қолдарын өздері қоюын қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеті туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын, суретін көрсету. (еңбек дағдылары)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. (еңбек дағдылары)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен, беттерінің тегіс болуын бақылау. (еңбек дағдылары)	
	Ойын "Пирамиданы құраймыз". Мақсат-міндеттер: балалардың позитивті көңіл-күйі болуына жағдай	"Менің туған қалам" иллюстрациясын қарастыру. Мақсат-міндеттер: балаларға туған өлкесі, мекен орны	"Шаршылардан мұнара құрастыру" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: көлемі, түсін ажырату, кеңістікті,	"Менің Отаным" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. Мақсат-міндеттер. Балаларды Е. Өтетілеудің "Отан	

	жасау; ұсақ қол моторикасын, қабылдауды, ойлауды дамыту. Түрлі-түсті шеңберлерден, Пирамида құраймын, Ең үстіңгі түсті алып, Қайта кілемге шашамын. (сөйлеуді дамыту, сенсорика)	жайлы ұғымдарын қалыптастыру; қабылдау, зейін, сөйлеу қабілетін дамыту. Суретте бейнеленген қаланың көрікті жерлері туралы әңгімелер. (сөйлеуді дамыту) "Қалашық құрастырамыз" ойын атрибуттары. Мақсат-міндеттер: арнайы "лего" құрылыс бөлшектерінен қарапайым құрылыстарды қалауға баулу; ұсақ қол моторикасын, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. "Лего" немесе ағаштан жасалынған құрылыс ойыншықтары.	жазықтықты бағдарлау қабілеттерін дамыту. Көркем сөз. Гүл бөлеп, хош иіске атырабын, Ағаштар жайып салды жапырағын. Самал жел сыбырласа, сыр ұрласа, - Өзенде мың бұралып жатыр ағын. Фариза Оңғарсынова	туралы" тақпағын мұқият тыңдап, педагогтің соңынан еліктеп айтуға ынталандыру; Отан туралы алғашқы жалпы ұғымдарды қалыптастыра бастау. Құралдар: балалардың санына сай Қазақстанның кәдесый жалаулары. Педагог балаларға тақпақты мәнерлеп оқып береді. Педагог жалаулар үлестіреді. Балалар қолдарына жалауларды ұстап, педагогке қосылады. "Менің Отаным". Отан деген – атамекен, Отан деген – туған жер. Отан – ана, Отан үлкен, Қазақстан – туған ел!	
--	--	--	--	---	--

		Педагог әр балаға өз үйлерін құрастырып, ортақ құрылыстарды біріктіруге ұсыныс жасайды. (құрастыру)		(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	
Таңертеңгі жаттығу	1. Бастапқы қалып аяқтың арасын алшақ қойып, жалау ұстаған қолдарды алда ұстау. 1.1. Жалауларды жоғары көтеріп, оңға және солға желпу (6–8 рет қайталау). 1.2. Бастапқы қалыпқа келу. 2. Бастапқы қалып тік тұру, жалауларды екі қолмен ұстау. 2–1 жерге отырып, жалауларды иық тұсына қою, тұрып жалауларды алға қою (4-5 рет қайталау). 2–2 бастапқы қалыпқа келу. 3. Екі жалауды бір қолға ұстап, бір орында 20-30 сек. секіру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Тамақтану рәсіміне деген қызығушылықты қатыптастыру. - Алақай! Алақай! Барамыз дастарқанға қарай: Ботқамыз дәмді, аппақ, Болмаймыз сатпақ. Қасықпен алайық, Асықпай асайық. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы сәлемдесу. Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту; қоршаған объектілерге көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.				

	Сәлем саған, Аспаным! Сәлем саған, алтын Күн! (Қолдарын көтеру) Сәлем саған, туған Жер! (Қолдарымен жоғарыда үлкен шеңбер салу) Сәлем, бүкіл Жер шарым! (Қолдарын кілемге баяу түсіру) Сәлем, үлкен отбасым! Сәлем берді балашың! Төбелерінде үлкен шеңбер шығатындай етіп, барлық балалар қол ұстасып қолдарын жоғары көтереді. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Аққала". Мақсат-міндеттер. Балаларды допты қақпаның ішіне қарай домалату іскерліктерін жетілдіру; допты қақпаның ішіне домалатудың техникасын меңгерту; дөңгелек заттардың домалау қасиеттері жайлы білімдерін дамыту; балаларды допты	Музыка "Әсем шырша". Мақсат-міндеттер. Балаларды музыканы сезіне білуге үйрету; әнді тыңдап, ілесе айта білуге және жаттығулар жасай білуге үйрету; жаңа жылдық музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды жасай білуге машықтандыру; жаңа жылдың әсерлі кереметтерімен	Дене шынықтыру "Домалатайық қане біз". Мақсат-міндеттер. Балаларды допты қақпаның ішіне қарай домалату іскерліктерін пысықтау; кішкентай доптарды себептерге жинау іскерліктерін дамыту; қыс мезгілінде болатын табиғат құбылыстары жайлы білімдерін	Дене шынықтыру "Жаңа доп". Мақсат-міндеттер. Балаларға педагог лақтырған допты қағып алып, оны қайтадан лақтыруға үйрету; допты қағып алу және қайтадан лақтыру техникасы дағдыларын меңгерту; балалардың лақтыру қабілеттерін қалыптастыру. Балаларды педагог	

	қақпаның ішіне қарай домалату (арақашықтығы 1-1,5 м), допты қақпаның ішіне домалатудың техникасын дұрыс жасай білу икемділіктерін жетілдіру; қол, дене бұлшықеттерін, дәлдеу қабілеттерін дамыту.	таныстыру.	толықтыру; шапшаңдыққа тәрбиелеу.	лақтырған допты қағып алып, оны қайтадан лақтыруға үйрету; допты қағып алу және қайтадан лақтыру техникасын дұрыс жасай білу икемділіктерін жетілдіру; қол, дене бұлшық еттерін, дәлдеу қабілеттерін дамыту; ауа кеңістігінде допты лақтыра білудің дағдыларын қалыптастыру; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру.	
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Қыста құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту,	Қыс мезгілінде өсімдіктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу,	Өткен адамдардың киімдерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді	Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем	

	көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Қыста құстар тіршілігі туралы білімдерін тереңдету; оларға көмектесу қабілеті мен тілегін дамыту. Торғай, торғай, тондыңба, Тұра алмайсың орнында? Бір қонасың бір ұшып, Отырасың бүрісіп. Қарап қойып жай ғана, Жем іздейсің айнала. Үйге кірші , торғайым, Мен аяздан қорғайын. Үйшік жасап берейін, Алдыңа жем төгейін. - Құстарға көмектесу керек пе? Неліктен? - Біз оларды немен тамақтандырамыз?	сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Қыста өсімдіктердің тіршілігі туралы білімдерін қалыптастыру; табиғатты құрметтеуге тәрбиелеу. Қар жауғаннан кейін күзде отырғызылған ағаштар мен бұталарды айналып өту. Олардың қаншалықты мұқият отырғызылғанын, олардың жұқа және кішкентай екенін еске түсіру. Балаларға оларды жылы қармен жабуға бола ма деп сұрау, өйткені тіпті шөптер де қардың астында қатып қалмайды. Мұны қалай жасау керектігін көрсету.	дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын қыстың келгеніне аудару үшін суық болды, адамдар: жылы бас киімдер, пальто, етік киді. Мұндай киімде адамдарға жылы болады. Балаларды өз киімдері мен киіп отырған киімдері туралы әңгімелесу. Боран соғады оң жақтан, Боран соғады сол жақтан. Жауған қарды ұстасақ, Су өтеді қолғаптан. Қимылды ойын «Топ, топ, топ - тоқта!». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Жүгіруді жетілдіру,	әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларға көліктер жайлы ұғымдар қалыптастыру, көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату; көліктердің дөңгелектері айналатыны туралы айтуға ынталандыру; зейінін, ойлау қабілетін дамыту. Машиналар жүреді ары-бері, Алға және кері. Жүкті тасымалдайды, Жакын жерге, алысқа бағыттайды. "Торғай мен автомобильдер" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларда сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіре білу дағдыларын	
--	--	---	---	---	--

	- Жемшашардан қандай қызықтар байқауға болады? Қимылды ойын «Торғайлар мен автомобиль» (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды жылдамдыққа, шапшандыққа үйрету. Бір бала автомобиль, қалған балалар торғайлар болып орындықтарда отырады. Педагог торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастаған кезде зырылдап автомобиль келеді. Торғайлар автомобильден қашып орындықтарына отыра қалады.	Тоңса біздің қолымыз, Қолғап киіп аламыз. Сарт - сарт - сарт, Шапалақ соғамыз. Етік киіп аламыз, Топ - топ - топ. Топылдатып билейміз, Тоңса біздің денеміз. Тоңды киіп аламыз, Қимылды ойын «Күн мен түн» (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Бір-біріне қарсы жүгірмеуін қадағалау. Тәрбиешінің белгісін мұқият тыңдауға үйрету. Тізе бүгіп, қозғалыссыз отыру. Педагог «күн» дегенде - балалар қозғалады, жүргіре алады, шапалақтайды. «Түн» - барлығы	ойын мәтінімен әрекеттерді үйлестіруге үйрету, төзімділікті дамыту, бұлшық еттердің қимылдары мен күштерін үйлестіру. Аяқпенен топ, топ, топ, Алақанмен соқ, соқ, соқ. Айналамыз, айналамыз, Бір орында тұрамыз.	қалыптастыру; жылдамдыққа, шапшандыққа тәрбиелеу; ойын сюжетіне ілесіп, торғайлардың қимылдарын сомдауға ынталандыру. Педагог балаларға торғайлар салынған қалташаларды үлестіреді. - Балалар торғайлар қалай қимылдайды? Көрсетіндерші. Педагог балаларға торғайлардың қанатына ұқсатып, қолдарын жан-жаққа жайып, бұлғауды көрсетеді. - Жарайсыңдар! - Балалар торғайлар жолға отырып, жемді шоқиды. - Қалай шоқитынын көрсетейікші.	
--	---	---	---	---	--

		тоқтап, қозғалмауға тырысады.		Педагог балаларға торғайлардың жем шоқығанын, шоқайып отырып, саусақтарымен тізесіне соққылауды көрсетеді. - Жарайсыңдар! Педагог балалардың қимылдарын көркем сөзбен сүйемелдейді, жылжу бағытын реттеп, қадағалап жүреді. - Торғайлар, торғайлар, Ұшыңдар, ұшыңдар! Жолға отырып қоныңдар, Жемді шоқыңдар! Педагог рульді ұстап, автомобильді сомдайды, алаңда шоқайып отырған балаларға қарай жылжиды. - Автомобиль келе жатыр!	
--	--	----------------------------------	--	---	--

				Абайландар! Ұшындар жан-жаққа: Қыш! Қыш! Ойын екі рет ойнатылады.	
Серуеннен оралу	Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Тамақтану рәсіміне деген қызығушылықты қатыптастыру. - Алақай! Алақай! Барамыз дастарқанға қарай: Ботқамыз дәмді, аппақ, Болмаймыз сатпақ. Қасықпен алайық, Асықпай асайық. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	"Қоян" тақпақ-оятпағы. Қоян, қоян, тұршы, Беті-қолыңды жушы. Айнаға қарашы, Шашыңды тарашы.				

	Әдемі көйлек киші, Бізге қонаққа келші. Содан кейін балалар аяқ киімдерін киіп, педагогпен бірге су қабылдау шаралары қабылдауға барады: "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су, Мөлдір суға бетінді жу. Жуса таза болады, Беті-қолың, маңдайың". Тақпақ-оятпақтың ырғағы баяу, жайлы. Шынықтыру шаралары. Дымқыл сүлгімен сүртіну. Түрлі дәстүрден тыс кедергілері бар денсаулық жолдарымен жалаңаяқ жүру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сауықтыру шаралары, дене шынықтыру)				
Бесін ас	"Біз қалай тамақтанамыз" ойын жағдаяты. Дастарқан басында тыныш, түзу қалыпта отыру, қасықты дұрыс ұстау, қасыққа біраз ғана тамақ алу, қасықтың кең жағынан ішіп-жеу, сораптамай және бөгде дыбыстар шығармай тамақтануға үйрету, өздігінен ұқыпты тамақтануға тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Ғажайып дорба". Мақсат-міндеттер. Балаларға жаңа жылдың ерекшелігі туралы түсінік беру; ғажайып дорбадағы заттарды атауға	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Қар жауды". Мақсат-міндеттер. Балаларды қысқы табиғат құбылыстарымен таныстыру; жауған қардың салмағы, түсі,	Сенсорикадан ойын-жаттығу "Шыршаны безендіру". Мақсат-міндеттер. Балаларды біркелкі заттарды ортақ сенсорлық сипаттары бойынша (көлемі, пішіні, түсі) біріктіру	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Ғажайып дорба". Мақсат-міндеттер. Балаларға жаңа жылдың ерекшелігі туралы түсінік беру; ғажайып дорбадағы заттарды атауға	

	үйрету; тақпақ арқылы сөйлеу қорын жетілдіру. Балалардың жаңа сөздер арқылы есте сақтауы мен тілін, зейіні мен қабылдау қабілетін дамыту. "Шарды үрлеп өсірейік" шеңбер ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды бірігіп шеңберді құруға үйрету; шеңберде жүріп ойын сөздерін бірге айтуға ынталандыру; тілін, жаттығуда жағымды әсерлерді алу қабілетін дамыту. Педагог балаларды жанына шақырады. - Шарды үрлеп көрейік (шеңберге тұру, қол ұстасу), Қол ұстасып,	қозғалу ерекшеліктерін байқап, тек қыс мезгіліне тән құбылыс екені туралы ұғымдарын кеңейту; балалардың жағымды эмоцияларға бөленуіне жағдай жасау. "Шыршамыздай айналып" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттер. Балаларды жапырақтардың желдегі қимылдарына еліктеуге үйрету, жағымды эмоциялық әсерлерді алуға ынталандыру. Педагог балаларға қолдармен жапырақтардың қимылдарын	және салыстыру қабілеттеріне үйрету; тапсырмаларды үлгіге немесе сөздік нұсқамаға сай орындату; көлемі әртүрлі, бірақ түстері бірдей біркелкі үшбұрыштарды өзара салыстыра отырып, жоспарланған біртұтас бейнені құрастыруға дағдыландыру. Балалардың сенсорлық эталондарды қабылдап, ажырата білу мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен байқағыштығын дамыту; жасына сай қарапайым сөйлеу бірліктерін игеру қабілеттерін жетілдіру.	үйрету; тақпақ арқылы сөйлеу қорын жетілдіру. Балалардың жаңа сөздер арқылы есте сақтауы мен тілін, зейіні мен қабылдау қабілетін дамыту. "Қандай пішіндер жасырынды?" дамытушы жаттығуы. Мақсат-міндеттер. Балалардың түстерді, пішіндерді қабылдауын, зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдар: түрлі-түсті, көлемдері бірде көрнекілік жеке геометриялық пішіндер модельдері: үшбұрыш, дөңгелек, шаршы. - Балалар, пішіндер сендермен тығылмақ	
--	--	---	---	---	--

	жүрейік. Ортадан артқа, артқа Шегіндік. Енді тоқта! Үлкен қылып үрледік (тоқтау), Пах! Шарымыз жарылды! (шапалақтау, отыру) Пшшшшшшшш... (отырып жатқанда дыбыстар шығару) Балалар педагог соңынан қимылдарды қайталап жүреді. "Пах" және "Пш" дегенді балаларға қайталатып айтқызу қажет.	көрсетеді, көркем сөзбен сүйемелдейді. Аулада өседі ағаштар, Бау-бақшада тұрады қатар-қатар. Созады көп бұтақтарын, Желге желпілдеп, шайқалып.	Жапсырудан ойын- жаттығу "Шырша шары". Мақсат-міндеттер. Балаларды үлкен домалақ (шырша шары) кескін ішін ұсақ, бірыңғай көлемдегі домалақтармен, бір- біріне тигізбей жапсыруға үйрету; желімді пішіндерге қылқаламмен жағып, жапсыруға жаттықтыру; сүлгімен пішіндер үстінен басып, жұмысты таза істеуге үйрету; жапсыру амалдарын игерту; балалардың байқағыштығын, зейіні мен танымын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту; балалардың жапсыру іс-әрекетіне	ойнайды. Қандай пішіндер тығылғандарын айтайықшы. Педагог кезегімен түстері бөлек екі немесе үш пішінді бір-бірінің артына жасырады. Балалар пішіндердің көрінген бұрыштары мен қырларына қарап, пішіндерді атайды.	
--	---	---	--	--	--

			қызығушылықтарын қалыптастыру; оқу қызметінде мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу.		
Балалармен жеке жұмыс	"Баулармен ойнау" ойыны. Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Тәрбиеші балаларға баулармен жұмыс істеу үлгісін көрсетеді. Балалар қараңдаршы, мұнда шеттерінде тесіктер бар. Сол тесіктерге бауларды кіргізу керек. Мен бір жағынан, екінші жағынан, әр тесікке бауды кіргізіп, саламын. Қандай	Ермексаздан ұсақ кесектерді үзіп, шарларды илеу амалдарын игерту. "Қар жауды". (мүсіндеу)	"Сипау арқылы тап" ойыны. Мақсат-міндеттер: заттарды сипап-сезу арқылы тану және атауға баулу. Құрал-жабдықтар: Тәрбиеші жаңа жылдық сыйлықтар туралы толық мәлімет береді. Аяз ата жаңа жылдық сыйлықтарды қапқа салып кетіпті, сендер оларды қаптан шығармай, сипау арқылы табу және атауларын атау. (сөйлеуді дамыту,	"Әртүрлі түстер (бірінші бөлім)" атты мультфильмін көру. Мақсат-міндеттер. Балалардың негізгі түстер туралы ұғымдарының қалыптасуына ықпал ету, түстерді атауға ынталандыру. (сөйлеуді дамыту)	

	тегіс жол пайда болғанын қараңыз. Ал енді, сендер жасап көріңдер. Балалар өздері баулармен әртүрлі оюлар жасап көреді. (сенсорика)		сенсорика)		
Серуенге дайындық	"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы". Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (дербес қимыл әрекеті)				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Тамақтану рәсіміне деген қызығушылықты қатыптастыру. - Алақай! Алақай! Барамыз дастарқанға қарай: Ботқамыз дәмді, аппақ, Болмаймыз сатпақ. Қасықпен алайық, Асықпай асайық. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (музыка) Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Еркін рөлдік ойындар.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Баланың түсінігінде "Қазақстанның біздің Отанымыз" ұғымын қалыптастыру", "Отан, туған өлке ұғымына не жатады?".